

**МККК «№20 “Ақбулак” бөбекжайы» бойынша
бракераждық комиссия отырысының №1 ХАТТАМАСЫ**

Жаңаөзен қаласы 08.01.2026 жыл

Қатысқандар: 7

Қатыспағандар: 0

Күн тәртібінде:

1. Бракераждық комиссия құрамына енгізілген өзгерістер туралы.
 2. Бракераждық комиссияның мақсаты мен міндеттерін қайта қарау.
- Бракераждық комиссияның негізгі міндеттері:

- асханаға келіп түсетін азық-түлік өнімдерін тасымалдау, жеткізу және қабылдау кезінде санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын бақылау;
- тағам өнімдерінің жарамдылық мерзімдерін және сақтау шарттарының талапқа сәйкестігін тексеру;
- қойма, тоңазытқыш және ас блогының санитарлық жағдайын бақылау;
- дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізу;
- дайын тағам көлемінің балалар санына сәйкестігін бақылау;
- асхана қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін орындауын қадағалау;
- ас мәзірінің дұрыс құрылуын және бекітілген нормаға сәйкестігін күн сайын бақылау;

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Нурбергенова Б.К сөз сөйледі. 2025–2026 оқу жылында балалардың тамақтануын дұрыс ұйымдастыру, асхана жұмысының сапасын арттыру, тағам өнімдерінің

қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында бракераждық комиссия құрамына өзгерістер енгізілгенін хабарлады. Комиссия құрамының өзгеруі асхана жұмысына бақылауды күшейту және бракераждық бақылаудың тиімділігін арттыру мақсатында жүзеге асырылғаны айтылды.

Комиссия төрайымы: Нурбергенова Б.К. — директор

Комиссия мүшелері:

Лепесбаева К.К. — әдіскер

Избаева Н.Ж. — кәсіподақ төрайымы

Маркашова А.Т. — қоймашы

Сисенова А.М. — медбике

Даулетова З.М. — есепші

Тургалиева А.А. — ата-ана өкілі


Хатшы: Жумалиева Г.


Анықталды:

Комиссия асханаға келіп түсетін тағам өнімдерінің сапасын, сақтау мерзімдерін, дайындау технологиясын және ас блогының санитарлық жағдайын тұрақты бақылауда ұстайды.

Комиссия төрайымы:

Хатшы:

 /Нурбергенова Б.К./

 /Жумалиева Г./